

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 қарашадағы N 1686 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1278 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 725 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 725 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Экспорттық мұнай-газ құбырлары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 қарашадағы N 1686 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Экспорттық мұнай-газ құбырлары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Ізмұхамбетов - Қазақстан Республикасы Энергетика және
Бақтықожа Салахатдинұлы минералдық ресурстар министрі,
төрағаның орынбасары

Коржова - Қазақстан Республикасы Қаржы министрі

Наталья Артемовна

Мусин - Қазақстан Республикасы Экономика және
Аслан Есболайұлы бюджеттік жоспарлау министрі

Ысқақов - Қазақстан Республикасы Қоршаған
Нұрлан Әбділдаұлы ортаны қорғау министрі

Шабдарбаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Амангелді Смағұлұлы қауіпсіздік комитетінің төрағасы

Ахметов - Қазақстан Республикасының Көлік және
Серік Нығметұлы коммуникация министрі

"Школьник - Қазақстан Республикасы Энергетика және
Владимир Сергеевич минералдық ресурстар министрі,
төрағаның орынбасары"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Школьник - Қазақстан Республикасының Индустрия
Владимир Сергеевич және сауда министрі"

"Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының басқарушы директоры, атқарушы хатшы (келісім бойынша)" деген жолдағы "атқарушы хатшы (келісім бойынша)" деген сөздер "хатшы" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген құрамнан Дунаев Арман Ғалиасқарұлы, Келімбетов Қайрат Нематұлы, Самақова Айткүл Байғазықызы, Кравченко Иван Михайлович, Дүтбаев Нартай Нұртайұлы, Мамин Асқар Ұзақбайұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі